


*Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Фармацевтикалық  
Академиясы*

Тақырып: БМСК жағдайында көмек көрсету  
қағидалары.

Орындаған : Азимова Ирода  
Тобы ЖТД -622



# БМСК Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде көрсетіледі

- Бастапқы медициналық – санитариялық көмек көрсету азаматтарға:
- - бекіту фактісіне қарамастан шұғыл және жедел медициналық көмек көрсеткен жағдайда;
- - жоспарлы түрде – бекітілуі, алдын ала жазылуы немесе жүгінуі бойынша көрсетіледі.
- Дәрігердің қабылдануына жазылу және тұлғаның немесе оның өкілінің БМСК көрсететін медициналық ұйымға тікелей өтініш жасауы, телефон байланысы арқылы немесе электрондық цифрлық қолтаңбасыз «электрондық үкімет» веб – порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады.
- Ауруының жағдайы мен сипатына байланысты БМСК ұйымына қабылдауға келе алмайтын азаматқа БМСК мамандары не шақыру тіркелген күні БМСК мамандарының өтінімі бойынша бейінді мамандар медициналық көмекті үйде көрсетеді.
- Дәрігерді үйге шақыру жеке тұлғаның немесе оның өкілінің БМСК көрсететін медициналық ұйымға тікелей өтініш жасауы, телефон байланысы арқылы немесе электрондық цифрлық қолтаңбасыз «электрондық үкімет» веб – порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады.

- БМСК ұйымдары арасында Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін орналастыру үшін негіз болып табылады.
- Бастапқы медициналық – санитариялық көмек ұйымдарына азаматтар мен оралмандарды бекіту тәртібіне келер болсақ:
  - - БМСК ұйымдарына азаматтар мен оралмандарды бекіту медициналық ұйымды еркін таңдау құқығы бойынша жүргізіледі.
  - - Тұрақты немесе уақытша тұрғылықты, жұмыс істейтін, оқитын жері бойынша бір әкімшілік – аумақтық бірлік шегінде дәрігерді, медициналық ұйымды еркін таңдау құқығы негізінде жүзеге асырылады.
  - - Азамат және оралман БМСК ұйымының біреуіне ғана бекітіледі.
  - - Қағаз форматтағы бекіту анықтамасын (талонын) медициналық ұйымның медициналық тіркеушісі береді.
  - - Электрондық форматтағы бекіту туралы анықтама (талон) медициналық – санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық форматта «электрондық үкімет» веб – порталы арқылы беріледі.

- - БМСК ұйымына бекіту еркін нысандағы өтініш пен жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлік, паспорт, туу туралы куәлік, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілге кез келген өзге де құжат) негізінде БМСК ұйымының жұмыс кестесіне сәйкес кез келген күнтізбелік уақытта жүзеге асырылады.
- - Отбасы мүшелерінің біреуінің еркін нысандағы өтінішінің және отбасы мүшелерінің бекітуге жазбаша келісімінің бекітуге жазбаша келісімінің негізінде отбасы мүшелерін бекітуге жол беріледі.
- - Өздігінен келуге мүмкіндігі жоқ адамдарды бекіту БМСК ұйымдарында олардың жазбаша немесе «электрондық үкімет» веб – порталыарқылы электрондық форматта жүгінуі бойынша жүзеге асырылады.
- - Он сегіз жасқа толмаған адамдарды бекіту, бекітілетін адамның және оның заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат болған кезде оның заңды өкілдерінің еркін нысандағы өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.

# Емшектегі баланың тамағы

- . Емшектегі бала тамақты көп талап етеді, бірақ оның ас қорытатын органдары әлі жетілмегендіктен, ішкенін сіңіру мүмкіндігі өте шектеулі. Сондықтан баланы алғашқы күннен бастап-ақ емшек сүтімен қоректендіру керек: емшек сүті жеңіл қорытылады, онда балаға қажет қоректік заттың барлығы бар. Сондықтан да ана сүтінің маңызы ерекше.
- Емшек сүтінің молдығы мен сапасы ананың белгілі режимді сақтауына және ішетін тамағына байланысты.
- Емшекте баласы бар әйелге арнайы диета ұстаудың қажеті жоқ; әр түрлі және үйреншікті тағам — ананың денсаулығын дұрыс сақтаудың және сүтінің мол болуының басты кепілі болып табылады. Соның өзінде емшекте баласы бар әйел күніне кем дегенде 0,5 л сиыр сүтін ішуі керек, ананың ішімдік ішуіне, темекі тартуына мүлде болмайды, сондай-ақ ол пияз, сарымсақ т. б. ащы тағамдардан бас тартқаны жөн.

- Баланы емізер алдында қолды сабынмен мұқият жуып, ал емшек пен үрпіні қайнаған суға немесе бор қышқылының ерітіндісіне (1 стакан суға 1 ас қасық) малынған мақтамен сүртіл, тазалайды. Алдымен шамалы сүтті сауыл тастайды. Нәресте туғаннан кейін алғашқы 4 күнде жатып емізеді де, одан кейін отырып емізеді. Баланы емізу үшін аяғының астына орындық қойып (қай емшегін емізсе, сол жақ аяғына қояды), аласа орындыққа ыңғайланып отырады. Анасы бір қолымен баланы ұстап, екінші қолымен емшекті оның аузына ыңғайлан салады: баланың мұрнын жауып тұншықтырмауы үшін 4 саусағымен емшекті көтереді де, бас бармағымен жоғарғы жағынан ұстамды. Әр жолы баланы тек бір емшекті толық тауысқанша емізеді, егер бала сүтті таусыл еме алмаса, онда қалған сүтті міндетті түрде сауыл тастау керек. Баланы 15—20 минут емізеді (кейде әлді бала 10—15 минутта еміп бітіреді).

- Сәбиді алғашқы 3 айлығында түнде 6 сағат үзіліс жасап, әр 3 сағат сайын, небәрі 7 рет емізеді (6, 9, 12, 15, 18, 21, 24 сағатта);
- 3 айлығынан 5 айлығына дейін 6,5 сағат үзіліс жасап, 3,5 сағат сайын, не бәрі 6 рет,
- Ал 5 айлығынан 1 жасқа дейін түнде 8 сағат үзіліс жасап, 4 сағат сайын, не бәрі 5 рет емізеді.
- Балаға керекті сүттің тәуліктік мөлшері оның жасына байланысты және ол төмендегідей болып бөлінеді:
- бір апталық баланы  $10XпX7$  формуласы бойынша емізеді.  $п$  — баланың өмір сүрген күнінің саны болып табылады;
- 2 айлық бала тәулігіне 800 мл сүт емеді; ал 2 ай толғанға дейін ол аптасына 50 мл сүт аз ему керек; сондай-ақ 2 айдан асқанда әр айда 50 мл сүт көп емуі тиіс.

- 5 айлық балаға 4 рет емшек еміл, 1 рет көкөніс пюресін және бұдан басқа әр түрлі шырын мен балық майын береді.
- 5—5,5 айлық бала тағамының рационына 5 проценттік маннй ботқасы (100 г. сұйыққа 1 ас қасық жарма қосады) мен кисель қосуға болады.
- 5,5—6 айлық балаға 10 проценттік маннй ботқасын, әр түрлі көкөніс пюресін (картоп, сәбіз, капуста, аралас пюрелер) береді, алғашқы кезде 2—3 қасықтай беріп, кейін 150 грамға дейін жеткізеді.
- 6—7 айлығында ет сорпасыш, пісірілген жұмыртқаның сары уызын;
- 7—8 айлық балаға — қытырлақ нан, печенье;
- 7,5—8 айлығында ет фаршын береді.



- 8 айлығында - 3 рет емізіл, 1 рет маннй ботқасын (немесе басқа жармалан үгіліп майға пісірген ботқа), 1 рет 150 г көкөніс пюресін, бұдан басқа 70 г сорпа (көкөністің немесе еттің), 50 г ақ ірімшік (күн аралатып ақ ірімшік пен жұмыртқаның сары уызын араластырып үгіп береді), пісіріп үккен етті жегізеді (25—30 г).
- 10 айлық балаға ет пен балықты пюре жасап немесе фрикаделька түрінде береді.
- 11—12 айлық баланы 1 рет қана емізеді; тағамының рационына ет котлетін және сорпа енгізеді.
- Бір жастағы баланы емшектен шығаруға болады.
- Баланы емшектен шығарарда анасы сұйық тарамды аз ішуі тиіс, сонда 3—4 күнде суалып кетеді. Балаға ана сүтімен қоса қант қосқан айран немесе простокваша беруге болады. Сәбиді күн ыстықта немесе ауырғаңда емшектен шығаруға болмайды.

# Аралас және қолдан тағам

- Аралас және қолдан тағам беруді дәрігер белгілейді (ана сүтіне қоса қолдан жасалған тағам береді). Баланы осылай тамақтандырғанда тағамның мөлшері мен тамақтандыру уақытының жиілігін ғана ескеріп қойма, сонымен бірге тағамның баланың жасына сай келуін, витаминдердің болуын ескерген жөн. Дені сау балаға қосымша тағам ретінде: қайнатылған нәрге қосылған сүт, 5% қант қосылған қаймақта сүт, кефир, «малыш» қоспасы т. б. пайдаланылады. Әдетте қолдан тамақтандырғанда сиыр сүтінен дайындалған сүт қоспаларын, қаймақты сүтті, «Малыш», «Малютка» қоспаларын пайдаланады. Емдік қоспаларды тек дәрігер белгілейді.

# Емшектегі бала тәрбиесі

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ


- Емшектегі бала тәрбиесін ерте бастау керек (кішкентай күнінен); бала тәрбиелеу ісі оңайға түспейді, бұл — төзімділікті, табандылық, көп күш жұмсауды, әр түрлі айла-тәсілдерді қолдануды тілейді, дөрекілік мінезден аулақ болуды талап етеді. Тұрмыстағы және семьядағы жарасымды жағдай баланы дұрыс тәрбиелеуге өзінен-өзі кепіл бола алмайды.
- Балаға деген шексіз мейіріммен бірге қажырлы да, табанды еңбек керек. Бала тәрбиелеу мәселесі бірте-бірте күрделене бермек.
- Сәбиді дұрыс тәрбиелеу — ата-ананың бірлесіп атқаратын қажырлы еңбегі. Бұл іске әке де белсене қатысуға тиіс.
- Нәресте бір жасқа толғанда ата-ананың барлық күш-жігері ең алдымен күнделікті режимді дұрыс ұйымдастыруға, гигиеналық дағдылардың қалыптасуына, қозғалу-жүру, көру, есту және сөйлеу процестерінің дамуына бағытталуы керек. Баланы тамақтандыру, ұйықтатумен серуендету күн сайын белгілі бір уақытта өткізілгені жөн. Сәби режимге тез көндігеді.

# Өмірінің бірінші жылында балаларды тамақтандырудың 3 нұсқасы болуы мүмкін:


- табиғи;
  - жасанды;
  - аралас.
- 
- Табиғи тамақтандыру сәбиді ана сүтімен тамақтандыруды білдіреді, бұл – тамақтандырудың ең жақсы нұсқасы.
  - Жасанды тамақтандыру – бұл баланың тек жасанды сүт қоспаларын ғана қабылдайтын және ана сүтімен тамақтанбайтын тамақтандыру түрі.
  - Аралас тамақтандыруда егер баланың жасына қарай оған қосымша тамақ беруге болмайтын кезде, балаларға ана сүтімен қатар сүт қоспалары да беріледі. Жасанды сүт қоспаларымен қосымша тамақтандыру үстеме тамақтандыру деп аталады. Тамақтандырудың осындай типіне анада сүт жеткіліксіз болса немесе омыраумен тамақтандыру санын қысқарту негіздері болған жағдайда жүгінеді.

□

# 1 ПРАВИЛЬНО



# 2 НЕПРАВИЛЬНО



# Жасанды тамақтандыру

- ❑ Жасанды қоспалармен тамақтандыруға бала қандай да бір себептерге байланысты ана сүтін қабылдай алмайтын жағдайда жүгінеді. Дұрыс жасанды тамақтандыру жағдайында балалардың өсуінде табиғи тамақтандырылатын балалармен салыстырғанда айырмашылықтар байқалынбайтындығы анықталынған.
- ❑ Барлық жасанды қоспаларды бейімделмеген және бейімделген деп бөлуге болады.
- ❑ Бейімделмеген қоспаларға сиыр сүті мен құрғақ сүттен дайындалған қоспалар жатады. Бұл қоспалар өзінің сапасы бойынша ана сүтінен айтарлықтай айрықшыланады, сондықтан баланың оны сіңіруін төмендетеді.
- ❑ Бейімделген қоспаларда сиыр сүтінің ақуызы арнайы өңдеуден өтеді, оларға өсімдік майлары, дәрумендер, минералды тұздар қосылады, бұл оны құрамы бойынша ана сүтіне жақындатады (алайда биологиялық айырмашылықтар сақталынады).
- ❑ Бейімделген қоспаларды бала жеңілірек сіңіреді, сүт қоспаларының осы типін қолданған дұрысырақ.
- ❑ Өз кезегінде бейімделген және бейімделмеген қоспалар тәтті және қышқыл сүттің құрамы мүмкін.





**а. Ребенок сосет в правильном положении**



**б. Правильное положение при сосании груди. Грудь во рту ребенка вытянута по форме соски**



**в. Волна проходит вдоль языка и выжимает молоко из млечного синуса**



- Қышқыл сүтті қоспалар бактериялық ферменттеу жолымен жасалынады, ондағы сүттің ақуызы ірімшіктелген күйде болады, бұл бала ағзасының осындай қоспаларды сіңіруін жеңілдетеді. Бірақ олардың көп мөлшерде қолданылуын орынсыз ететін бірқатар биологиялық ерекшеліктері де бар. Сондықтан, егер бейімделген тәтті қоспалармен балаларды олардың өмірінің бірінші күнінен бастап тамақтандыруға болатын болса, онда қышқыл сүтті қоспаларды 3 айлық жастан бастап және шектеулі мөлшерде беру ұсынылады. Дайын бейімделген тәтті сүт қоспалары сауда желілерінде үлкен ассортиментте кездеседі, ал қышқыл сүтті қоспалар Балалар сүт асханаларында дайындалады.
- Жасанды тамақтандыруда балада бірқатар өнімдерге аллергиялық реакциялар дамуы мүмкін. Кейде аллергия сиыр сүтінің жекелеген фракцияларынан туындауы мүмкін. Мұндай жағдайларда сүтсіз қоспаларды қолдануға болады. Бұл қоспалардың құрамында сүт болмайды, алайда түрі сүтке ұқсас келеді. Қоспалардың бұл тобына соя сүтін, миндаль сүтін, ашытқы сүтін жатқызады.

□

## ПРИМЕРНАЯ СХЕМА ВВЕДЕНИЯ ПРОДУКТОВ И БЛЮД\*

Наименование продуктов и блюд	Возраст, мес.							Примечание
	4	5	6	7	8	9	9 - 12	
Фруктовые соки, мл	5-30	40-50	50-60	60	70	80	90-100	с 3 мес.
Фруктовое пюре, мл <sup>1</sup>	5-30	40-50	50-60	60	70	80	90-100	с 3,5 мес.
Творог, г			10-30	40	40	40	50	с 5 мес.
Желток				0,25	0,5	0,5	0,5	с 6 мес.
Овощное пюре, г		10-100	150	150	170	180	200	с 4,5 - 5,5 мес.
Молочная каша, г			50-100	150	150	180	200	с 5,5 - 6,5 мес.
Мясное пюре, г					5-30	50	60-70	с 7 мес.
Рыбное пюре, г						5-30	30-60	с 8 мес., 1-2 раза в неделю вместо мясного
Кефир и другие кисломолочные продукты или "последующие" смеси или цельное молоко, мл					200	200	400-500	с 7,5 - 8 мес.
Хлеб (пшен., высш. сорта), г					200	200	400-500	с 7,5 - 8 мес.
Сухари, печенье, г				3-5	5	5	10-15	с 6 мес.
Растительное масло (подсолнечное, кукурузное), г <sup>2</sup>		1-3	3	3	5	5	6	с 4,5 - 5 мес.
Сливочное масло, г <sup>2</sup>			1-4	4	4	5	6	с 5 мес.



сидя



на боку



из-под руки



Перекрестная  
колыбель

# Жасанды тамандандыру ережесі

- баланы тамақтандыруға арналған қоспаны таңдауды дәрігердің бақылауымен жүзеге асыру қажет (салмақ қосуын, баланың нәжісін бақылау);
- қоспаны дайындау техникасын нақты әрі мұқият орындау қажет;
- жасанды тамақтандыруда тәулік ішіндегі тамақ көлемі табиғи тамақтандырудағы көлемдей болуы қажет (педиатр есептейді);
- жасанды тамақтандыруда тамақ асқазанда ұзағырақ болады, сондықтан тамақтандыру арасындағы аралықтарды арттырады, ал тамақтандыру санын азайтады (педиатрмен келісе отырып жасайды);
- ыдысты (бөтелке, емізіктер) мұқият жуып, зарарсыздандыру керек;
- қоспаларды әрқашан да зарарсыздандырылған әрі 35-40С-қа дейін жылытылған күйде беру;
- үстеме тамақ 5-6 айлықтан бастап енгізіледі.

□

# Аралас тамақтандыру ережесі

- үстеме тамақ үшін жасанды тамақтандыру кезіндегі сүт қоспалары қолданылады;
- анаға сүттің жеткілікті мөлшерін сақтау үшін үстеме тамақты әрбір омыраумен тамақтандырғаннан кейін сүт бездерінің толықтай босатылғанын қадағалай отырып, беру ұсынылады;
- егер үстеме тамақтың саны тәуліктік тағам мөлшерінің  $1/2$  бөлігін құрайтын болса, онда баланы омырауға тәулігіне кем дегенде 3-4 рет қою керек, себебі, ана сүтінің шығуы төмендейді де, баланы жасанды тамақтандыруға ауыстыру қаупі туындайды;
- бала жеңіл емуге үйреніп алып, омыраудан бас тартпауы үшін, үстеме тамақты емізікпен емес, қасықпен берген дұрыс;
- қосымша тамақ 5-6 айлық жастан бастап енгізіледі.

# Баланы мектепке дайындау

- Мектепке дейінгі баланың өмірінде әлеуметтік, психологиялық жағынан және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Бұл кезеңде мектеп өмірімен танысады, әлеуметтік ортасы өзгеріп және оқушының жаңа әлеуметтік рөлін меңгере бастайды.



# Кравцова мектепке даярлықтың төрт бағытын қарастырды:

- 1 бағыт - балаларды мектептегі оқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;
- 2 бағыт – мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу;
- 3 бағыт - оқу әрекеттерінің алғы шарттары;
- 4 бағыт - баланың берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі



# МЕКТЕПТЕГІ ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҚ

## ӘЛЕУМЕТТІК ДАЙЫНДЫҚ

ТОПҚА  
ЕНУІ

ҚАРЫМ-  
ҚАТЫНА

## ЕРІК-ЭМОЦИО- НАЛДЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

КӨНШ-КҮЙІ

ӘРЕКЕТТІ  
ОРЫНДАУДА КҮШ  
ЖҰМСАУ

## ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ- ДАЙЫНДЫҒЫ

ӨЗІНДІК  
САНА

МОТИВАЦИЯ

## АҚЫЛ-ОЙ ДАЙЫНДЫҒЫ

СӨЗДІК  
ҚОРЫ

ТАНЫМ  
ҮРДІСІ

КӨРНЕКІ  
ОЙЛАУ

## БИОЛОГИЯЛЫҚ КЕМЕЛДЕНУІ

КӨРУІ

ЕСІ

ЖҮИКЕ  
ЖҮЙЕСІ

БОЙЫ

# Ақыл-ой дайындығының көрсеткіштері

## Бейнелі компонент

1. Заттың сипатын, қасиетін қабылдау қабілеттілігі.
2. Бейнелі негіздегі көру есі.
3. Зат не құбылыс туралы ұғымдарды қорытындылау біліктілігі.
4. Ойлау тәсілдерінің (синтез, салыстыру т.б.) дамуы.
5. Белсенділік, тапқырлық.

## Вербалді компонент

1. Заттардың әртүрлі қасиеттерін айта білу және айыра білу қабілеттілігі.
2. Сөйлеу негізіндегі есту есі.
3. Бір текті ұғымдарды, заттарды жалпылау қабілеттілігі.
4. Ойлау тәсілдерінің дамуы.
5. Қисынды ойлау

# Мектепке дейінгі мекемеге баланы психологиялық дайындау

- Балалардың ересектермен тілдік қатынасын дамыту. Қажетті ақпаратты түрлі жолдармен жеткізуге үйрету: ым, қимыл, вокал, былдыр сөздер және т.б.
- Баланы қарым-қатынас жасауда ым-ишараны қолданудан сөз бен буындарды қолдануға көшуге ынталандыру.
- Балаларды (1 жас 2 ай – 1 жас 4 ай) былдырды белсенді қолданып, былдыр сөздерді айта білуге ынталандыру. Жиі еститін дыбыстар мен сөздерге еліктеуді жетілдіру, таңдану, қуаныш, наразылық, өкіну және т.б. дауыс сазын білдіретін дыбыстар мен сөздерді айту.
- Сөздік қорды туыс адамдардың атауын (ата, әже, әке, ана, тәте, т. б.), таныс заттар мен ойыншықтарды (шыныаяқ, кереует, үстел, қонжық, қуыршақ және т.б.), кейбір тағам түрлерін (ботқа, сүт), қимылдарды (ал, тұр, жібер, т.б.) білдіретін сөздермен толықтыру. 1 жас 6 айға қарай таныс заттарды (киім, жиһаз, ыдыс-аяқ) түсіне, өлшеміне, пішініне қарамастан тауып, атай білуге үйрету.

# Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш буын арасындағы сабақтастық

- ▣ Мектепке дейінгі кезеңде — жас ерекшелігіне сәйкес баланың өзін-өзі бағалауының сақталуы, танымдық және тұлғалық дамуы, қоршаған ортамен байланыс жасауға дайындығы қарастырылады.
- ▣ Бастауыш сатыда — мектепке дейінгі шақтағы жетістіктерінің барлық деңгейіне тірек болуды, қарқынды даму жағдайында жеке жұмыстарды, мектепке дейінгі қалыптасып болмаған қасиеттерін жетілдіруге арнайы өзара қарым-қатынас жасау формаларын дамытуды қамтамасыз етеді.

